

## Тұрғын үй-коммуналдық реформасын одан әрі дамыту туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің өкімі 1998 жылғы 22 шілде N 140-ө

Тұрғын үй-коммуналдық реформасын одан әрі дамыту және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 29 мамырдағы N 889 P970889\_ , 1997 жылғы 13 тамыздағы N 1256 P981256\_ және 1997 жылғы 22 желтоқсандағы N 1813 P971813\_ қаулыларының атқарылуына бақылау жасауды қамтамасыз ету мақсатында:

1. Облыстар мен Астана және Алматы қалаларының әкімдері:

1) 1998 жылдың 1 қазанына дейін бақылау-өлшеу құралдарын орнату бөліктерінде Қазақстан Республикасы Үкіметінің "Жылуды, ыстық және суық суды тұтыну нормаларын қолдануды ретке келтіру туралы" 1997 жылғы 29 мамырдағы N 889, "Судың, газдың және жылудың жұмсалуды есептейтін отандық құралдар өндірісі мен оларды орнатудың пилоттық жобасы туралы" 1997 жылғы 13 тамыздағы N 1256 қаулыларының орындалуын қамтамасыз етсін. Жұмыстардың барысы туралы ай сайын ағымдағы айдың 5-күнінен кешіктірмей Қазақстан Республикасының Табиғи монополияларды реттеу және бәсекелестікті қорғау жөніндегі комитетіне баяндасын;

2) кондоминиумның қазіргі бар объектілеріне қатысушылар жер учаскелеріне құқықтарды ресімдеуді қамтамасыз ету үшін екі айлық мерзім ішінде Қазақстан Республикасы Үкіметінің "Кондоминиум үй-жайларының меншік иелеріне (қатысушыларына) жер учаскелерін берудің тәртібін бекіту туралы" 1997 жылғы 22 желтоқсандағы N 1813 қаулысымен бекітілген Кондоминиум үй-жайларының меншік иелеріне (қатысушыларына) жер учаскелерін берудің тәртібінде көзделген дайындық іс-шараларының кешенін аяқтасын.

Ескерту. 1-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 1999.01.07. N 2 өкімімен.

R990002\_

2. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі жәрдемақыларды төлеудің уақыттылығы бойынша тұрғын үй жәрдемақылары орталықтарының қызметіне тексеру жүргізсін. Жолсыздықтар анықталған жағдайда тиісті шаралар қабылдасын.

Премьер-Министр

Оқығандар:  
Қобдалиева Н.М.  
Икебаева Ә.Ж.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК